

ӘОЖ 811. 512. 122' 36

А. Жүнісова

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 1-курс магистранты, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: alma\_89-89mail.ru

**Функционалды грамматикалық категория ұғымдары туралы кейбір мәселелер**

Мақалада – грамматикалық категория компоненттерінің арасындағы және функционалды грамматикадағы айырмашылық қатынас жоспарға сай мазмұнды түрде талқыланды. Жоспарлы негізде айтылуы қажет принцип бойынша мазмұнды мағына бірлігі және сөйлеу негізі қарастырылады. Осы грамматикалық категория компоненттері тілде түбір негіздерінен құралған объектілерді айқындап және бұл қатынасқа сай объективтілігі бар (тілдік жоспар онтологиясы) құрылым, лингвистика саласында көрсетілуі тиіс лингвистикалық маңызы бар тұжырым ретінде алынады.

**Түйін сөздер:** функционалды грамматикалық категориялардың негізгі ерекшеліктері, олардың жұмыс-алымдық қызметтері.

A. Zhunisova

**The functional categories of grammatical terms of some issues**

The article deals with current problems of grammatical categories. Our chosen direction is determined by the desire to consistently interpret linguistic categories as categories with linguistic content and linguistic expression. To explore the mountain range of functional languages to date basic question soberly. Kazakh linguistics itself on the functional level the field of grammar, but objects that are still under investigation, scientists, enough. And Kazakh linguistics news that opened, the famous Russian scientist who examines the functional grammar and according to semantic meta pasture was to explore AV Bondarko spacious written, he boldly explore creates functional. Functional grammar of traditional grammar ayymashylyfy, from the first grammar in unity (unity of grammar). unitylik grammatical element except language means tight I think I was one-one binding sit tight a one component system paradigm and grammatical unity themselves serve middle link go down, the impact of the activities and sprucing up.

**Key words:** functional grammar main features of categories, they embedding.

А. Жунисова

**Некоторые проблемы функционально грамматических категорий**

В статье рассматриваются актуальные проблемы грамматических категорий. Избранное нами направление определяется стремлением последовательно трактовать рассматриваемые категории как категории языковые имеющие языковое содержание и языковое выражение. В казахском языкознании функциональна грамматика рассматривает объекты, которые все еще исследуются. Известный русский ученый, который рассматривает грамматику согласно семантической метатеории выгона, был А.В. Бондарко. Он исследовал функциональную грамматику и функционально-семантическое поле.

**Ключевые слова:** функциональная грамматические основные особенности категорий, вложение.

Тілді функционалды қырынан зерттеу бүгінгі таңда өзекті мәселе екендігі анық. Қазақ тіл білімінде функционалды грамматика саласы өз деңгейінде қарастырылып жатыр, дегенмен әлі де ғалымдардың зерттейтін нысандары жетерлік. Функционалды грамматика мен функционалды семантикалық өріс теориясы бойынша қарастыратын белгілі орыс ғалымы А.В. Бондарконың зерттеулерінде кеңінен жазылып, оның ашқан жаңалықтары қазақ тіл біліміне де тың зерттеулер туғызуда.

Тілдік бірліктердің сан алуан функционалды-семантикалық қырларын ашып, олардың сөйлеу әрекеттеріндегі түрлі қызметтерін айқындайтын функционалды грамматиканың ір-

гесін қалаған профессор А.В. Бондарко болса, оның жасаған теориясы бүгінгі таңда кеңінен дамып келе жатқан ғылым саласы ретінде танымал болып отыр [1]. Сондай-ақ, бұл бағыт бойынша И.И. Мещанинов, О. Есперсен, И.А. Бодуэн де Куртенэ, В.В. Виноградовтардың еңбектерінен бастау алады. Ал, қазақ тілінің функционалды грамматикасы А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында іргелі зерттеу тақырыптарының бірі болды. Осы бағытта институттың жас ғалымдары Б.Қапалбеков таксис категориясын, О.Жұбаева персоналдылық категориясын, А. Жаңабекова темпоралдылық категориясын, А. Солтанбекова «Шақтық локалдылық бейлокалдылық» катего-

риясын зерттеп, аталған функционалды-семантикалық категориялардың жеке мәселелеріне байланысты ғылыми мақалалар жариялады.

Соңғы кезде тіл білімінде грамматика жеке деңгей ретінде морфология мен синтаксисті ғана қарастырумен шектелмей, тілдің лексика, сөзжасам салаларын да қамтитын, кең ауқымды функционалды-семантикалық категорияларды зерттей бастады. Бұл категорияларды О. Есперсен ұғымдық категория деп атаған болатын. Ұғымдық категориялардан бастау алатын бұл семантикалық категориялар ақиқат өмірдегі, болмыстағы жалпы халыққа ортақ ұғымдарды жалпы тілдік категорияларға біріктіріп, ұғымның тілдегі көрінісін сипаттайды. [2, 27].

Тіл білімі аумағында грамматика әр кезде де функционалды болған. Тілдік тұлғалар әрқашанда да екі жақты: материалдық пен идеалдықтардың диалектикалық ажыратылмас бірліктері. Материалдық жағы дыбыстық көрініс тапса, идеалдық жағы белгілі бір мағыналық сипат алады, оны көпшілік жағдайда қызметі (функциясы) тұрғысынан айқындалған. Сондықтан да кез келген тілдік бірлік форма (түр) мен функциядан (мағынадан) қалыптасады да, ол тұлғалық жағынан да, оның қызметі жағынан да сипатталады. Тіл білімінде тілдің ішкі жүйесін өзіне тән бірліктері негізінде әр алуан деңгейге жіктей отырып зерделейді. Соның ішінде ұзақ зерттелген деңгейі – грамматика. Грамматика шектеулі тар мағынасында морфология мен синтаксис деңгейлерін қамтып, тұлғаларының қызметтері мен мағыналарын ашу мақсатын алға қойды. [3, 109]. Қ. Рысалды тілдегі грамматика саласының маңызына тоқталып, функционалды грамматикадағы ұстанымдардың негізгі қырларын ашуға тырысады.

Функционалды грамматика теориясын орыс тіл білімінде А.В. Бондарко бастаған лингвистер жүйелі түрде дамытып келеді. Бұл ғалымдар зерттеген аспектуалдық, темпоралдық, таксис, персоналдық (жақ), етіс, модальдық, субъектілік, объектілік, белгілік, белгісіздік, сандық, сапалық, мекендік категориялар жеке-жеке монографиялық еңбектерде жарық көрді.

А.В.Бондарко грамматикалық категорияның семантикасына баса назар аудара отырып, кез келген функционалды-семантикалық категорияны анықтауда оны негізгі тірек ретінде ұстанады. Ғалым функционалды-семантикалық категорияны тілдік категорияның ерекше түрі ретінде сипаттап, принциптерін, берілу жолдарын: «мағынадан – тұлғаға қарай, яғни мағына-

дан осы мағынаны беретін түрлі деңгейдегі құралдарды анықтайды [1]. Ғалым функционалды-семантикалық категориялардың өзегі (доминанты) белгілі бір деңгейге (морфологиялық, синтаксистік не лексикалық) тән болатынын айтады. Зерттеуші морфологиялық құралдарды синтаксистік құралдармен тығыз байланыста қарастыра отырып, контекстің түрлі комбинацияларын сөз етеді. Алайда функционалды-семантикалық категорияның өзіндік ерекшелігін анықтау үшін түрлі деңгейдегі категорияларды, барлық тілдік құралдардың қызметін талдау қажет. Ғалым функционалды-семантикалық категорияның жалпы сипаты мен лингвистикалық сипатын дәйектеді. Бұл көптеген функционалды-семантикалық категориялардың бір теориялық негіз бойынша жоспарлы зерттелуіне жол ашады. Сонымен қатар белгілілік/белгісіздік функционалды-семантикалық категориясын жан-жақты зерттеуге, оның қызмет ету заңдылықтарын айқындауға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңдегі тіл білімінің функционалды бағытының қарқынды даму кезеңінде тілдік зерттеулердің жүйелік-құрылымдық аспектілерін коммуникативтік аспектілермен тығыз байланыстыру өте маңызды әрі өзекті мәселе болып отыр. Осы тұрғыда сан салалы функционалды-грамматикалық бағыттардың ішінде проф. А.В. Бондарко мектебінің ұстанымы қазақ тілінің функционалды грамматикасын зерттеп, қалыптастыруға, оны басқа тілдермен салғастыра зерттеуге ғылыми тұрғыдан үлгі боларлық. [4, 293-294].

Функционалды грамматиканың негізгі принципі – тілдік бірліктердің қолданылуындағы мағыналық, мазмұндық жағын, яғни қызметін басшылыққа алып, әртүрлі тіл деңгейіндегі тілдік бірліктерді қарым-қатынас процесімен, сөйлеу жағдаятымен тікелей байланыста қарастыру. Бұл зерттеу әдісінде тілдік категориялардың ішкі мағынасын жан-жақты ашып көрсетуде дәстүрлі лингвистиканың әдіс-тәсілдері де қолданыстан тыс қалмайды. Себебі кез келген тіл белгілі бір лексикалық, грамматикалық парадигмаға түскен тұтастық болып табылады.

Функционалды грамматиканың дәстүрлі грамматикадан айырмашылығы, біріншіден, грамматиканың бірліктілік (единства грамматикки) принципінде. Бірліктілік түрлі грамматикалық элементтердің басқа тілдік құралдармен тығыз байланыстығынан көрінеді, олар бірбірімен байланыса отырып, тығыз қарым-қатынаста бір парадигмалық жүйе құрайды да

грамматикалық бірліктер өздері қызмет ететін ортамен қарым-қатынасқа түседі, солардың ықпалымен қызметін де түрлендіреді. Функционалды грамматиканың екінші бір айырмашылығы оның жүйелік – интегративтік принципінде, атап айтқанда, түрлі тілдік деңгейлердің бірліктерін белгілі бір ортақ қызмет аясында біріктіреді, тілдік жүйелікті көрсетеді, ал дәстүрлі грамматикада граммаикалық бірліктер морфология, синтаксис салаларына тарап кетеді. Осы соңғы айырмашылық мына бір жағдайды айқындай түседі; функционалды грамматика дәстүрлі грамматиканы толықтырады, ол тілдік тұтастықты, жүйелікті толыққанды көрсете алады және де оның сөйлеу тіліндегі қызметін ашады [4, 293-294]. Толықтырушылық қатынас тілдік деңгейлердің ара байланысынан көрінеді. Мысалы, морфологиялық шақ категориясының формалары – шақтық қатынасты осы шақ, келер шақ, өткен шақ деп жалпылап білдірсе, оны нақтылай түсіп, мағынасын толықтыратын – лексикалық, лексика-грамматикалық бірліктер. Жеке тілдік деңгейлік тұлғалар өз алдына жеке дара қызмет етпейді, олар бірлесіп, бір жүйеге бірігіп, тілдік ортада бірінің мағынасын бірі түрлендіріп, толықтырып тілдің негізгі когнитивтік, коммуникативтік қызмет атқарады.

Грамматикалық (морфологиялық) шақ категориясы білдіретін шақтық грамматикалық мағынамен мәнделсе, осы категорияны бастау негіз етіп алатын темпоралдылық семантикалық категория деген ұғым бар. Бұл екі ұғымның арасындағы айырмашылық бірінің өрісінің тар, екіншісінің өрісінің кеңдігімен байланысты. Бірінің өрісін шақ категориясының грамматикалық көрсеткіштері құраса, екіншісінің өрісін осы грамматикалық көрсеткіштермен қоса, шақ мағынасын білдіретін лексикалық бірліктер (үстеу), синтаксистік конструкциялар құрайды. Шақтық грамматикалық көрсеткіштері өздері жалғанған етістіктерге тек грамматикалық мағына үстеп, тілдің статикалық күйін танытса, темпоралдылықтың функционалды-семантикалық категориясының білдіретін мағынасы грамматикалық формалардың мағыналық аясына сыймайды, шақтық семантикалық категориясы сөйлеудегі тұтас берілетін сөйлем мағынасын қамтиды. [5, 7].

Шақ категориясы – етістіктің басты көрінісі. Бұнда болатын формалардың басым көпшілігі – іс-әрекеттің әр түрлі шақта болуы. Сондықтан да ондай формалардың құбылыс сырын, мағыналық ерекшелігін қарастыру – шақ категория-

сының басты объектісі. Шақ категориясы белгілі бір формалар арқылы беріледі. Ондағы қимылдың, жай-күйдің өзі белгілі бір уақытта, мерзімде болатыны, болғандығы не болып жатқандығы сол етістік бойынан аңғарылады. Лингвистика мұндай етістіктің берілу жолын ашық рай деп те атайды. Істің сөйлеп тұрған уақыттан бұрын, не соң, не сол кезде істелуін, не істелмеуіне қарай етістіктер белгілі бір жақта, шақта тұрады. Бұл – етістік категориясының басқа сөз таптарынан негізгі бір ерекшелігі. *Тыңдап отыр, тыңдамақшы, айтты* етістіктерінде субъектімен, мезгілмен және басқа жағдайларға қарай, күрделі (тыңдап отыр, көтеріліп келе жатыр), дара етістікте де (айтты) шақ көрінісі байқалады. Осындай етістіктердің шақ көріністері белгілі бір морфемалар арқылы беріледі де (айт-ты), содан кейін қимыл есім жағдайына қарай жіктеледі.

А. Байтұрсынов «Тіл-құралда» етістіктің шақ көрсеткішін ашық раймен байланыстыра қарастырады. Ғалым осы шақтың екі түрін көрсетеді де, айтулы қалып етістіктерінің жіктелген түрін *нағыз осы шақ деп бөліп айтады. Ал өткен шаққа етістіктің – ды, (-ді, -ты, -ті) жұрнақтары арқылы жіктелген түрін және есімшенің – ган, (-ген, -қан, -кен) тұлғалы түрін келтіреді. Келер шаққа -ар тұлғалы етістіктің жекелеген дара, күрделі түрлерін жатқызады. Ғалым есімшені үш топқа бөліп, осы шақтық есімше, өткен шақтық есімше, ұйғарынды есімше деп айқындайды. А. Байтұрсынов еңбектерінің құндылығы да тілдің типологиялық ерекшелігін біліп, тілдік тұлғаларды дұрыс ажыратуы және қазақ тілі ғылымына қатысты терминдерді ана тілімізде беруі. [6].*

*Т. Қордабаев 1950 жылдары шақ категориясының зерттелу тарихына шолу жасайды. Ғалым онда түркі тілдеріндегі шақ категориясы туралы XIX және XX ғасырдың бас кезінде жарыққа шыққан еңбектерге талдау жасай келе, өзінің ой-пікірін білдіреді. «Ескере кететін бір нәрсе – түрік (кітапта осылай көрсетілген. - А.Б.) тілдерінің бұрын-соңды жарыққа шыққан грамматикалық құралдарының негізгі көпшілігінен етістіктің шақтары деген жеке тараулар кездеспейді. Оларда шақ категориясы етістіктің есімше, көсемше, рай салаларының семантикалық көп белгілерінің бірі ретінде алынған да, сол салаларды анықтауға арналған бөлімдерде ғана сөз болған» дейді [10, 9].*

*Темпоральдылықты түсіну үшін алдымен көркем шығармадағы, мәтіндегі уақыттың*

суреттелуін, зейінге алынуын, қабылданудың өзгеше сипат-ерекшелігін анықтау керек. Шын өмірдегі нақты (реалды) уақыт – объективті уақыт. Реалды уақыт тек алға, бұрыннан болашаққа жүріп отырады. Осы уақыттың өзін адам өз сезімдерімен әр түрлі қабылдайды. Адам сезінуінде уақыт кейде ақырын, кейде жылдам өтіп отырғандай көрінеді. Ал әдеби шығармаларда уақыт кейде алға жылдам, кейде артқа жылдам, кейде өте баяу қозғалса, кейде үзіліп кетіп отырады. Шығармада жазушының таңдап алған тақырыбына, автордың қалауына орай оқиға соңынан басына қарай жылжуы, бірнеше кезеңдерді аттап өтуі, бір ғана сәттік уақытты кең көлемде суреттеуі мүмкін. Осыларға қарай отырып, шығармадағы уақыттың физикалық уақыттан әлдеқайда кең, сиымдылығы мол екенін аңғаруға болады. Осы орайда әдебиеттану ғылымындағы «лирикалық шегініс» деген термин еске түседі. «Лирикалық шегініс - әдеби шығармаларда (мысалы поэмада, не романда) уақиға желісін кенет үзіп, өзі жайлы, не өзінің көңіліндегі басқа бір нәрсені баяндап беру. Мұның негізі уақиғаға тікелей қатысты бола қоймайды. Дегенмен, бұл әдістің де өзгеше ұтымды жағы бар» [7, 227].

Қазақ тіліндегі темпоральдық (уақыттық) категория біздің санамыздағы Уақыттың физикалық сипатының бейнеленуі арқылы айтылмақ ойдың мазмұндық аспектісін қалыптастырады. Осы сипаттардың молдығы мезгілдің функционалды-семантикалық өрістерінің көптеген сегменттерінің барлығын көрсетеді. Іс-әрекет сәтінің сөйлеу мезгіліне сәйкестігі (коммуникативтік сәт) немесе мәтіндегі сәтпен (хабарлау сәті) – сәйкестігі субъективтік шақ сегментін қалыптастырады. Кез-келген сөйлем, айтылмақ ой белгілі бір уақыт шеңберінде хабарланатындықтан, онда етістік пен есімдердің темпоральдылығы да түрлі деңгей мен кезеңдерде түрліше өтеді. Етістік заттың амалын, іс-әрекетін білдірсе, жалпы түбір етістіктер қимылды білдіреді, ал қимылдың қалай, қандай тәсілдер арқылы жүзеге асатынын білдіре алмайды. Сөйлемде етістік қолданылғанда, тек қимылды ғана білдіру жеткіліксіз. Өйткені өмірде қимылдың жасалуы түрліше. Соған орай ол қимылдың жасалуындағы әртүрлі ерекшеліктерді білдіретін әдіс-тәсілдер, түрлі көрсеткіштер мол. Қимылдың жасалуындағы әр алуан ерекшеліктер мен олардың өту кезеңін білдіретін тілде арнайы категория бар. Ол - қимылдың белгілі бір уақыт шеңберінде өту сипатын

танытатын темпоральдық категория. Етістіктің темпоральдық категориясының жалпы мағынасы қимылдың қандай мезгілде қалай жасалғандығын суреттеу, қимылдың қандай сатыда екенін көрсету, іс-әрекеттің уақыт шеңберінде қамтылуы мен шақтардың мағыналық реңкін ажырату болып табылады. Қимылдың мезгіл аясында өту сипаты категориясының жалпы мағынасымен қоса, оның өзіне тән, ішкі мағыналары толып жатыр. Темпоральдық категорияның өзіне тән ішкі мағыналық ерекшеліктерінің бірі – белгілі уақыт мерзімінде қимылдың басталуы, ортаңғы кезеңі, тез, қысқа жасалуы, созылыңқылығы, қимылдың соңғы сатысының көрсеткіштері, мерзім ішіндегі болған оқиғаның тиянақтылығы, тиянақсыздығы, аяқталғандығы, аяқталмағандығы, нақтылығы мен күмәндылығы және эмоционалды-экспрессивті, т.б. белгілері. Сондықтан да етістіктің шағы мен көрінісі темпоральдылықты анықтай түсуге әсер етеді. Қазақ тіл білімінде көрініс категориясы бар деп арнайы еңбек жазған ғалым И.Ұйықбаев. Ол қазақ тілінде қимылдың жасалу қалпына қарай көрініс аяқталған, аяқталмаған күйді білдіретіндігін, олардың іштей бірнеше реңкті болып келетіндігін айта келіп, былай деп көрсетеді: «Аяқталған көрініс қимылдың тиянақтылығын, шапшаңдығын, бағытын, басталғанын, жете болғанын, жол-жөнекей жасалғандығын, жалған істі, немқұрайды жасалған істі, бір-ақ рет болған қимылды білдіреді» [8, 77].

Предикативті қатынастар уақыт, модальділік, персоналдылық концептілері арқылы беріледі. Соның негізінде шақ, рай, жақ морфологиялық концептілері қалыптасады. Уақыт – концептуалды жүйедегі ең күрделі концептілердің бірі. Онтологиялық тұрғыдан алғанда, уақыт категориясын философиялық және физикалық жағынан сипаттауға болады. Соған сәйкес нақты уақыт екі түрлі сипатқа ие: метрикалық және топологиялық уақыт. Уақыт концептінің метрикалық ерекшелігіне ұзақтық және созылыңқылық сипат тән. Уақыттың метрикалық сипаты кеңістікпен байланысты болады.

Уақыт мәнінің күрделі, алуан қырлы сипаты оның концептуалдануынан да, шақ қатынастарының тілдегі көрінісінен де байқалады. Уақыт мәні – адамның таным әрекеттерінің негізінде адамзат дамуының кейінгі сатыларында түзілген концептілердің бірі. Қозғалыс, кеңістік пен оқиғалар туралы түсінік уақыт мәнінің қалыптасуына негіз болады. Яғни,

уақыт мәні кеңістік, қозғалыс, оқиға сияқты мәндердің негізінде түзілген. Уақыттың тілде концептуалдануы қабылдау, жады, елес сияқты танымдық әрекеттермен тығыз байланысты. Уақыттың өткен шақ, келер шақ, осы шақ түріне жіктелуі адамзат дамуының кейінгі сатыларында пайда болған. Дәл қазір, сөйлеушінің көз алдында өтетіндіктен, осы шақ тұлғалары арқылы сипатталатын іс-әрекетті бақылауға болады, ал өткен шақтағы оқиғалар сөйлеуші өз көзімен көріп, басынан өткерген әсерлерінің негізінде түзіледі. Ал әлі орындала қоймаған, жоспарланған келер шақтағы іс әрекетті елестетуге болады. Келер шақ жалпы, дерексіз мәнде болатындықтан, осы шақ пен өткен шақпен салыстырғанда, кейінірек қалыптасқан. Шақ тұлғаларының жіктеліп, сипатталуынан, яғни метатілінен де бірқатар ерекшеліктер байқалады. Келер шақ тұлғалармен салыстырғанда, өткен шақ тұлғалары, мәндері әлдеқайда көп. [9].

#### Әдебиеттер

- 1 Бондарко А.В. Теория значения в системе функциональной грамматики. – М., 20002.
- 2 А. Жаңабекова Функционалды граммаиканың метатілі. – Алматы: «Елтаным» баспасы, 2012. – 156 б.
- 3 Қ.Рысалды. Тілді функционалды түрғыда зерттеудің қазіргі ұстанымдары Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2007. – 482 б.
- 4 Теория функциональной грамматики: Качественность. Количественность. – СПб., 1996.
- 5 Жаңабекова А.Ә. Қазақ тіліндегі функционалды-семантикалық темпоралдылық категориясы. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2012. – 154 б.
- 6 Байтұрсынов А. Тіл – құрал. – Алматы, 1991.
- 7 Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Семей: Толер – Пресс, 2006.
- 8 Ұйықбаев И. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің көріністері. – Алматы, 1958.
- 9 Жұбаева О. Ұлттық тіл білімі қалыптаса бастаған кезеңдегі функционалды-грамматика көріністері. «Тілтаным» журналы. – Алматы, 2009. – № 2. – 75 б.
- 10 Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің шақ категориясы. – Алматы, 1955.

#### References

- 1 Bondarko A.V. Teoriya znacheniya v sisteme funktsional'noy grammatiki. – M., 20002.
- 2 A. Zhanabekova Funktsionaldy grammaikanuң metatili. – Almaty: Eltany baspasy, 2012. – 156 b.
- 3 Q.Rysaldy. Tildi funktsionaldyq tırғыda zertteudің qazirgi ұstanymdary \ \ Қазақ грамматикасынuң өзекti мәseleleri. – Almaty: «Kie» lingvoeltanu innovatsiyalyq ortalyғy, 2007. – 482 b.
- 4 Teoriya funktsional'noy grammatiki: Kachestvennost'. Kolichestvennost'. – SPb., 1996.
- 5 Zhanabekova A.Ә. Қазақ tilindegi funktsionaldy-semantikalyq temporaldylyq kategoriyasy. – Almaty: «Eltany baspasy», 2012. – 154 b.
- 6 Baytursynov A. Til – qural. – Almaty, 1991.
- 7 Әdebiettanu. Terminder sozdigi. Semey: Toler – Press, 2006.
- 8 Ұуықbaev I. Қазirgi қазақ tilindegi etistiktiң көrinisteri. – Almaty, 1958.
- 9 Zhybaeva O. Ұлттық til bilimi қalyptasa bastagan kezeңdegi funktsionaldy-grammatika көrinisteri. «Tiltany» zhurnaly. – Almaty, 2009. – № 2. – 75 b.
- 10 Qordabaev T. Qazirgi қазақ tilindegi etistiktiң shaқ kategoriyasy. – Almaty, 1955.

Функционалды грамматикалық категория кемінде екі не одан да көп грамматикалық формалардан тұрса, функционалды грамматика құрамында сөйлеу мен мазмұндық жоспар жиынтығы болады. Сондықтан синтаксис, морфология, лексика мен фонологиялық деңгейлер, барлық саланы бір тілдік жүйеге келтіріп, теорияға негізделуі керек.

Функционалды зерттеулердің негізгі мақсаты тіл жүйесінің түрлі деңгейлеріне жатқанмен, бір мақсатқа жұмсалатын құрылымдар мен грамматикалық формалардың қолданылу ережелерін сипаттауға бағытталған. Функционалды грамматика тілдің грамматикалық құрылымын тексеріп, сипаттайды. Грамматикадағы функционалды зерттеулер екі кезеңнен тұрады. Атап айтқанда, бірінші кезең – тілдегі семантикалық категорияларды берілу жолдарын зерттеу, екіншісі – тілдің түрлі деңгейлеріндегі элементтермен айтылу барысындағы грамматикалық бірліктердің қызметін зерттеу.